УДК 34:28-74 https://doi.org/10.63546/3005-2246.2024.6.2.005

САНДЫБАЕВ Жалғас Садуахасұлы*

Философия ғылымдарының кандидаты, MNU (Maqsut Narikbayev University) Ислам және қазақ құқығы орталығының аға ғылыми қызметкері

САБДИН Асқар Кәлімжанұлы

MNU (Maqsut Narikbayev University) Ислам және қазақ құқығы орталығының директоры. Исламтану докторанты

«МӘЖАЛЛӘ» КОДЕКСІ ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫ ТАРИХЫНДАҒЫ РЕФОРМА РЕТІНДЕ

Аннотация. *XIX ғ. Осман империясы экономикалық және саяси әлсіреген елдің күйін кеше бастады. Империяның Батыс Еуропа елдерінен экономикалық және техникалық дамуы жағынан артта қалуы, оппозициялық көңіл-күйдің күшеюі және т.б. құбылылыстар билеуші режимді елде бірқатар салаларда реформаларды жүзеге асыруға итермеледі. Сол себепті сұлтан соты елдегі әділет жүйесінде бұрын-соңды болмаған ауқымды реформалар жүргізді.*

Мақалада 1868–1878 жылдары қабылданған «Мәжаллә» деп аталатын ислам құқығы тарихындағы алғашқы азаматтық кодекс талданады. Мәжалляны дайындау және қабылдау барысы және осы құжаттың ерекшеліктері ашылады.

Мәжәлляні кодификациялау үшін жүргізілген жұмыс ханафи мәзһабының фиқһы негізінде жасалды. Сондықтан да авторлардың айтуынша кодекстегі нормаларда басымдылық басқа мазһабтарға қарағанда ханафи мазһабына берілген.

Түйін сөздер: *фикһ, мәжаллә, ханафи құқықтық мектебі, Исламдағы құқық қағидалары, Джевдет паша, дәстүр, ислам құығы, Осман империясы, кодификация.*

САНДЫБАЕВ Жалгас Садуахасович

Главный научный сотрудник Центра исламского и казахского права при MNU (Maqsut Narikbayev University). кандидат философских наук

САБДИН Аскар Калимжанович

Руководитель Центра исламского и казахского права при MNU (Maqsut Narikbayev University). Докторант исламоведения.

КОДЕКС «МАДЖАЛЛА» КАК РЕФОРМА В ИСТОРИИ ИСЛАМКОГО ПРАВА

Аннотация. *В XIX веке Османская империя переживала экономический и политический кризис и ослабление. Отставание империи от стран Западной Европы в экономической и технической сферах усилили оппозиционные настроения и подтолкнули правительственную власть к проведению реформ во многих сферах. В этой связи султанский суд произвел в сфере юстиции ранее невиданные значительные реформы.*

В данной статье проведен анализ принятой в 1868-1878 годах «Маджаллы» - первого гражданского кодекса, принятого в истории исламского права. Описывается процесс подготовки «Маджаллы», ее принятия и особенности.

* Хат-хабарларға арналған автор. *E-mail: nmu.zhalgas@gmail.com*

Работы по кодификации Маджаллы осуществлялись на основе фихка ханафитской правовй школы. В этой связи, по мнению авторов, нормы кодекса преимущественно соответствуют именно ханафитскому мазхабу, чего нельзя сказать о других правовых школах.

Ключевые слова: *фикх, маджалла, ханафитская правовая школа, принципы исламского права, Джевдет паша, традиция, исламское право, Османская империя, кодификация.*

SANDYBAEV Zhalgas Saduakhasovich

Senior Researcher of the Center for Islamic and Kazakh Law at MNU (Maqsut Narikbayev University). Candidate of Philosophical Sciences

SABDIN Askar Kalimzhanovich

Supervisor of the Center for Islamic and Kazakh Law at MNU (Maqsut Narikbayev University). Doctoral student in Islamic studies

THE MAJALLAH CODE AS A REFORM IN THE HISTORY OF ISLAMIC LAW

Annotation. *In the 19th century, the Ottoman Empire experienced economic and political crisis and weakening. The lagging behind the empire from the countries of Western Europe in the economic and technical spheres strengthened opposition sentiments and pushed government authorities to carry out reforms in many areas. In this regard, the Sultan's court made previously unprecedented significant reforms in the field of justice.*

This article analyzes the "Majallah" adopted in 1868-1878, the first civil code adopted in the history of Islamic law. The process of preparation of "Majallah", its adoption and features is described.

Work on the codification of Majallah was carried out on the basis of fihqa of the Hanafi legal school. In this regard, according to the authors, the norms of the code primarily correspond to the Hanafi madhhab, which cannot be said about other legal schools.

Key words: *fiqh, majallah, Hanafi legal school, principles of Islamic law, Cevdet Pasha, tradition, Islamic law, Ottoman Empire, codification.*

Кіріспе. XIX ғ. Осман империясы экономикалық және саяси әлсіреген елдің күйін кеше бастады. Империяның Батыс Еуропа елдерінен экономикалық және техникалық дамуы жағынан артта қалуы, оппозициялық көңіл-күйдің күшеюі, ел ішінде еуропалық және солшыл бағыттылықтың артуы, экономиканың индустрияландыруға қабілетсіздігі салдарынан оның еуропалық елдерге тәуелділігі арта бастады. Осы сияқты құбылыстар билеуші режимді елде соның ішінде құқық саласында реформаларды жүзеге асыруға итермеледі. Сөйтіп империяда ислам құқығының нормаларымен реттелетін елдегі қолданыстағы заңнаманы түбегейлі қайта қарау қажеттілігі туындайды. Сол себепті сұлтан соты елдегі әділет жүйесінде бұрын-соңды болмаған ауқымды реформалар жүргізді.

Осы кезеңдерде заң шығармашылығы саласындағы жетістіктердің бірі 1868–1877 ж.ж. аралығында ақырындап әзірленген «Мәжаллә» атты азаматтық кодекс. Кодекстің негізгі атауы «Мәжаллә-и Ахкам әл-Әдлия» (Әділет үкімдерін жинақтаған кодекс). «Мәжаллә» сөзі араб тілінде – даналық жазылған парақ, бірнеше томнан тұратын кітап, журнал және т.б. Сарапшылардың пікірінше, бұл кодекс қысқа мерзімді болса

да, ислам құқығы мен империяның өмірінде әлеуметтік және экономикалық тұрақтандыруға үлкен үлес қосты.

Материалдар мен әдістер

Мақалада негізінен тарихи құқықтық және компаративистикалық әдістермен қатар ғылыми зерттеудің дәстүрлі интерпретациялық талдау, зерделеу, тарихи сипаттау және түйіндеу әдістері мен тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер, талқылау

Ислам құқығы тарихын зерттеуші мамандардың пікірінше Сұлтан Абдулазиздіға (1830–1876) қолданыстағы әділет жүйесін реформалауға негіз болған бірнеше себептерді алға тартады. Бұлардың бастыларына сол замандағы сыртқы саясат жатады екен. Мысалы, «Англия, Австрия (1867 жылдан бастап Австрия-Венгрия), Франция және Ресей Осман империясының христиан халқының мұсылман көпшілігімен біртұтас құқықтық кеңістікке кірмейтіндігіне наразылықтарын ашық яки болмаса жасырын формаларда білдірді. Нәтижесінде Сұлтан соты жүргізіліп жатқан ішкі саясатты мұсылман емес халықтың мүддесін ескере отырып қайта қарауды міндеттеді» [1, 308 б.]. Әсіресе, Сұлтан сарайына тікелей кіру мүмкіндігіне ие болған Ыстамбұлдағы француз елшілігі бұл салада бірқатар жетістікке қол жеткізді деп саналады. Өйткені бұл кезде Париждің Стамбулға деген ықпалы басқа еуропалық елдермен салыстырғанда ең күшті болғанын ескеру қажет. «Француздар бірнеше жылдар бойынша Сұлтан Абдулазизды франциияның азаматтық кодексін алып келуіне

күш салды. Көпшілік оларды мұны іске асырады деп те ойлаған еді» [1, 310 б]. Сондай-ақ, басқарушы жүйенің заңнаманы реформалауына ішкі факторлар да себеп болған. Олардың негізгісі - империяда жұмыс жасап тұрған бірқатар заңнамалық актітлердегі ережелердің бір-бірімен сәйкес келмеуі. Азаматтық, қылмыстық және процессуалдық заңнаманың көптеген салаларында байқалған құқықтық қайшылық Осман қоғамының тиімді дамуына біршама кедері келтірді. Мысалы, шариғат соттарының жұмыс жасау тәртіптері мемлекеттік деңгейде бекітілмегендіктен, олар негізінен зайырлы соттарды қайталап отырды. Алайда олар үкім шығару барысында орта ғасырлардағы ислам құқығының ережелеріне сүйенді.«Кассациялық, коммерциялық және әскери соттар өз шешімдерін қабылдау кезінде еуропалық әріптестерінің тәжірибесін ескергендерімен, бұрынғы фиқh (ислам құқығы) нормаларына арқа сүйеу тәжірибесінен толықтай бас тарта алмады. Бұл өз кезегінде империяның бүкіл құқықтық саласында шатасуларға әкелді» [2, 56 б].

Сонымен қатар, өзіне тән ерекшеліктері бар Ханафи құқықтық мектебінің елдегі құқықтық жағдайын нығайту мақсаты да әділет жүйесін қайта қарауды қажет етті. Ханафи құқықтық мектебі басқа mazhабтарға қарағанда құқық қолдану тәжірибесінде жергілікті халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құқықтың қайнар көзі ретінде жиі пайдаланатыны мәлім. Сөйтіп олар уақыт өте жеке құқықтық нормаларға айналған кездері де болды [3, 75 б.]. Ұзақ уақыт бойы белгілі бір аймақтың дәстүрлері мен әдет ғұрыптары өзектілігін жоғалтқанымен, соған сәйкес қалыптасқан құқықтық ережелер күшін жоймады. Осы сияқты жағдайлар Осман империясының құқықтық өрісін біріктіруде белгілі деңгейде кедергілер келтірді. Оның үстіне, бұл кезде ханафи құқықтық мектебін ұстанушылардың ауқымы мен аймағы артып, біршама гетерогенді құқықтық қозғалыс болды. Бұл жағдай Осман империясының құқықтық доктринасын, оның ішінде ел азаматтарының мүліктік қатынастарын реттейтін бөлігін де қайта қарауды талап етті.

Жоғарыда аталған және басқа да факторлардың салдарынан XIX ғасырдың ортасына қарай Осман империясының билеуші элитасы арасыда «Елде азаматтық заңнаманы қайта қарап, оның нормаларын кодификациялап, жаңа заң түрінде жазу керек» деген түсінік қалыптасты. Сөйтіп,45ерттеушілер атап көрсеткендей құқықтық атериалдар мен әдістер

реформаторлар арасында шартты түрде екі лагерь пайда болды. Бұл топтардың азаматтық құқықты одан әрі дамыту қажеттілігіне сәйкес өзіндік ұстанымдары бар еді.

Атап айтар болсақ, Осман империясы заңгерлерінің алғашқы тобын белгілі саяси қайраткер және министрлер кабинетінің басшысы Мехмед Эмин Әли Паша (1815–1871) басқарды. Оның жақтастары Осман империясындағы құқықтық жүйеге француз үлгісіне сәйкес келетін жаңа азаматтық кодекс қажет деп есептеді. Бұл топтағы реформаторлардың көзқарасы айқын батысшыл векторға тән болды деп саналады. Осман империясы Жоғарғы Сотының басшысы Ахмет Джевдет Паша (1822–1895) бастаған заңгерлердің екінші топ жақтастары француз заңнамасын көшіруге үзілді-кесілді қарсы шықты. Алайда, жаңа кодексте елдің дамуына кедергі келтірмейтін классикалық ислам заңнамасын және еуропалық заңдардың прогрессивті ережелерін саралап біріктіру керек деген ойды алға тартты. Сөйтіп ұзақ тартыс пен негіздеудің арқасында исламдық құқықтық дәстүрді қолдаушылар сұлтан сарайының қолдауына ие болды.

1868 жылы Ахмет Джевдет паша басқарған сұлтан жарлығымен құрылған Азаматтық кодексті жасау комиссиясы өз жұмысын бастап кетеді. Комиссия құрамына Осман империясындағы азаматтық құқық саласындағы беделді он төрт маман кірді. Барлық реформаторлар сол кездегі қоғамдағы ғылыми және саяси қауымға жақсы таныс болды. Олардың арасында басым бөлігі ислам құқығына қатысты ұстаздық қызметпен бірге заңға қатысты еңбектердің авторлары және ел элиталары да болды. Бастапқыда Комиссия отырыстары Осман империясының Жоғарғы соты ғимаратында өтсе, жұмысының соңғы жылдарында Комиссия мүшелері Орталық діни басқарма мекемесінде бас қосты. Комиссияның қабылданған регламентіне сәйкес кодекстің әрбір тарауының дайындалған мәтіні Министрлер Кабинетінің бекітуіне жолданып, сол жерде талқылаудан өткен соң Сұлтанның қол қоюына жіберілді. Сұлтан кеңесшілерінен оң пікірлер алып, құжатқа қол қойғаннан кейін қабылданған заң барлық құзырлы органдарға, соның ішінде азаматтық және шариғат соттарына жіберілді. Құжат министрлер кабинеті деңгейінде немесе Сұлтан сарайында талқыланған, тараптардың ортақ пікірге келмеуіне байланысты «тұрақтап» қалған заң мәтіні Орталық мүфтиятқа сараптамаға жіберіліп отырылды [4, 89 б.].

Қабылданған заңнамалық актілерді талқылау процесі оңай болған жоқ. Ислам азаматтық құқығында көптеген ережелер сала мамандарының талқылауына, дауларына айналғаны белгілі. Мысалы, жеке тұлғалар арасында жасалған жалға алу шартына сәйкес жалға беруші қайтыс болған жағдайда жасалған шартты бұзу керек пе деген сұраққа сарапшылар ұзақ уақыт бойы өзара ымыраға келе алмады. Белгілі болғандай, бұл жағдайда жалға алынған жылжымалы және жылжымайтын мүлік мұрагерге өтіп, мұрагерлік процестің өзі мұсылман құқығының нормаларымен реттелетін болған.

Алайда, біз қарастырып отырған жүйенің негіздері қалыптасып жатқан кезде заңгерлер мен әділет қызметкерлерінің арасындағы құқық мектептерінің өкілдері бұл мәселеге түрлі көзқарас білдірді. Сұлтан сотында қабылданған шешім бойынша құрылған азаматтық кодексте негіз болған ханафи мазһабының құқықтанушыларына сәйкес жалға беруші қайтыс болған жағдайда жалдау шартының заңдық күші жойылатын.

Басқа сунниттік және шиіттік құқық мектептерінің өкілдері келісім-шарт бұзылмайды, ал жалға берушінің мәртебесіне мұрагерлік арқылы жалға берілетін мүлікті алған адам ие болады деген пікірде болды. Бұл мәселе бойынша министрлер кабинетінен, Сұлтан сотынан да тартылған сарапшылардың ортақ пікірге қол жеткізу

мүмкіндігі болмағандықтан, жаңа кодексте даулы норма қарастырылмады. Дегенмен, Осман империясының құқықтық жүйесінде ханафи мектебінің үстемдігі болғандықтан іс жүзінде мұндай келісімдер күшін жоя бастады. Тек 1914 жылы ғана Осман империясындағы заңгерлер ұлттық заңнамадағы Ханафи құқықтық мектебі ережелерінің үстемдігін сыни тұрғыдан бағалаған кезде, тараптардың бірінің қайтыс болғанда жалға беру шартының шарттарын сақтау туралы шешім қабылданды.

Кодекс кіріспе мен он алты бөлім және 1851 баптан құралды. Мұнда ислам құқығының негіздері, жалға алу және беру, кепіл, қарыз, аманат, тартып алу және зарар беру, серіктестік, өкілеттілік, медиация және кешірім беру, мойындау, шағымдану, дәлелдеу, ант беру және т.б. нормалар қамтылды. Кодекс Ислам құқығы негізінде әзірленген алғашқы заң болғандықтан, тек Османдық заң тарихы үшін емес, жалпы ислам құқығы тарихында да ерекше мәнге ие. «Мәджәллә» ислам құқығы негізінде алғашқы заң кодексінің толық нұсқасы саналып, 1926 жылы реформаға дейін жұмыс жасады.

«Мәжаллә» кодексі өзінің бастауын шариғаттан алған болатын. Шариғат - адамның қоғамдағы басқа адаммен қарым-қатынасын ғана емес, адам мен Құдайдың арасындағы қатынасты да қамтиды. Сонымен қатар ол адам өмірінің барлық саласына: сенімі, дүниетанымы, діни догмалар мен діни рәсімдерді, мінез-құлық, мораль, отбасылық, рухани құндылықтар үшін бағыт-бағдар беруші. Демек, Құран мен Сүннет – дінмен бірге ислам құқығының да қайнар көзі. Мысалы, «Ешбір күнәһар, басқаның күнәсын көтермейді» [5, 53:38 немесе «Алла (Т.) кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді; істеген жақсылығы өз пайдасына да, жамандығы зиянына» [5, 2:256] және т.с.с. аяттар Құранның илаһи аяттармен қатар құқықтық ережелерді қамтыған канондық құжат екеніне айғақ.

Құран сияқты Сүннет те (Мұхаммед пайғамбардың (ﷺ) өмірі, іс-әрекеттері мен насихаты) ислам құқығы қағидалары үшін басшылыққа алынды. Мұны «Мәжаллә» қағидаларында келтірілген: *«Шын мәнінде амалдар ниетке байланысты...», «Зарар келтірмеу керек және зарарға қарсы зарар жасалмайды»* т.б. хадистерден көруге болады [6, 7 б.].

«Мәжалләның» негізі саналатын аят пен хадистерден соң реттілік кезегі «хуләфә-и рашидиндердің» (әділ халифалардың) сөздеріне беріледі. Мұнда әділ халифалардың да билік түстарында айтқан даналық хикметтері кездеседі. Мысалы, Омардың: «Біз адамның сыртқы амал-әрекетіне сәйкес үкім береміз, ал Алла ішкі сырына сәйкес үкім береді», - деген мәшһүр сөзін айтуға болады. Қағидалар кодификациялау барысында ислам әдептілік нормаларын өмірде іске асыруда бір-бірімен жарысқан сахабалардың тәжірибелері де ескерілді. Кейін бұларды мұқият саралап, зерделей отырып, имамдар (мужтаһид имамдар) фақиһтар (ислам құқықтанушылары) және ғалымдар истинбат (құқықтық үкім) шығару, иждиһат (шариғи үкім шығарудағы ғалымның ізденіс қылып, еңбек етуі) жасау әдістеріне сүйеніп, қағидаларды одан әрі дамытты. Мысалы, имам Әбу Юсуфтың: «Қайтыс болып, артында мұрагері жоқ әрбір адамның мүлкі ортақ қазынаға беріледі», - деп айтқаны және имам Шафиғидың: «Үнсіздік – сөйлеу болып саналмайды», - деген сияқты сөздері ислам қағидалары арасынан орын алды [7, 122 б].

«Мәжалләда» қамтылған 100 қағида ертеректен бастау алады. Ханафи мазһабының ғалымы Әбу Таһир әд-Дәббәс 17 қағиданы топтаса, Әбу әл-Хасан әл-Кәрхи 40 қағиданы жинақтады. Алайда, бастапқы кезеңдерде қағидалар мамандардың есте сақтау қабілетінің күшті болуына орай, ауызша таратылды. Кейін ғалымдар бұл қағидаларды арнайы топтап, қағаз бетіне түсіру шешіміне келді. Сөйтіп, хижра санауымен төртінші ғасырда құқықтық қағидаларды жинақтау, түзету және

редакциялауға кірісіп кетеді. Осылайша, арнайы құқық әдебиеттері, жалпы құқық қағидалары және исламдағы фиқh мазhабтарын қамтыған салыстырмалы құқық қағидалары сияқты шығармалар том-томдап жазылып ислам әлемінің шартарапына тарайды.

IV ғасырдан X ғасырға дейінгі аралықта ислам қағидаларына қатысты көптеген ғалымдардың еңбектері, тұжырымдары мен түсіндірмелері жинақталып, сараптаудан өтіп тәмамдалады. Осы аралықтағы кейбір ғалымдар мен олардың еңбектерін атап өтер болсақ: Әл-Хушәйни әл-Мәлики (361 h.) «Китаб Усул әл-фүтьйа», Әд-Дәббуси (430 h.) «Китаб Тә`сис ән-Назар», Алауддин Самарқанди (540h.) «Китаб Идах әл-Қауағид», Ибн Әбдүссәләм (660 h.) «Китаб қауағид әл-әхкәм фи масалих әл-әнәм», Тәжуддин әс-Субки (771h.) «Әл-Әшбәh уан-назаир», Ибн Ражаб әл-Ханбали (795 h.) «Әл-Қауағид фил-фиқh», Әз-Зәркәши- (795 h.) «Әл-Қауағид фил-фуруғ», Ибн Нүжәйм әл-Ханафи (970 h.) «Әл-Әшбәh уан-назаир», Әс-Суютый (970 h.) «Әл-Әшбәh уан-назаир» және т.б. ғалымдар негізгі қағидалар мен оларға қатысы бар құқықтық тармақтарды шығармаларына түсіруін жалғастырды. [8, 146 б]. Сол үшін де сарапшылар Мәжалләні ислам құқығында реформаланған жаңа кодекс деп таныды. Джевдет паша басқарған кодификациялау комиссиясы азаматтық кодексті жазуда жоғарыда есімдері аталған ғалымдардың және басқа да құқықтық еңбектерді ескерген.

Жалпы ертедегі құқық қағидаларын негізге ала отырып үкім шығару дәстүрі күні бүгінге дейін кейбір батыс мемлекеттерінде де тиімді қолданыс табуда. Мысалы, Англия өзінің ескі дәстүрлері және оларға көрсететін құрметімен белгілі. Британия әділет жүйесіндегі мәшhүр 300 – жыл бойына жалғасып келе жатқан «Көгалды азанда өсіріп, кешке қырқу қажет» деген даналық әңгімесі осыған нақты дәлел болса керек. Расында да Англияда сот жүйесінде жүздеген жылдар бұрын мақұлданған қағидалар мен заңдар жұмыс жасайтыны мәлім. Англия заңдары ешқашан бір күнде өзгермейді [9].

Сондай-ақ, «Мәжалләны» шариғаттық діни-этикалық нормалардың заң жүзіндегі көрінісі деп атауға негіз бар. Кодексте «Адамға шамасы келмейтін міндетті жүктемеу», «Машақат, жеңілдікті алып келеді» (әдеттен тыс ауыр жағдайда жеңілдік жасалады) немесе «Зәрулік, тыйым салынғанға рұқсат береді» деп келген т.б. құқықтық қағидалар осыны көрсетсе керек. Сонымен қатар мұнда зарардың алдын алуға, оны болдырмауға немесе мүмкіндігінше азайтуға бағытталған этикалық «Зарар жойылуы тиіс», «Зарарға қарсы зарар жасалмайды», «Екі зұлымдықтың жеңілі таңдалады», «Зарарды мүмкіндікше болдырмау қажет» және т.б. бірқатар құқықтық қағидалар да бар.

Зерттеушілер бұл азаматтық кодекстің қызықты үш ерекшелігіне назар салған. Біріншісі, кітаптың азаматтық іс жүргізу заңнамасын реттеуге арналғандығы. Бұл кезеңдерде елде азаматтық құқықтың процессуалдық бөлігі әлі дами қоймаған болатын. Сол үшін Мәжаллә мәтінің құрастырған реформаторлар кодекстің қабылдануымен бірге осы олқылықтың орнын толтыруды көздеген десек болады.

Екіншісі, Мәжалләда отбасылық өмірді, неке, талақ, мұрагерлік мүлік сияқты құқықтық мәселелерді реттеуге қатысты тетіктері толықтай делік көрсетілмеді. Себебі отбасылық өмір, неке, талақ, меншік кепілдіктерін сақтау сондай-ақ материалдық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беру механизмі діннің мәдени негіздерін қалаған. Бұл мұсылмандық мәдениет кеңістігінің сонау қалыптасу жылдарынан бастап, ерте орта ғасырлар кезеңінде қаланған ислам өркениеттік кодексінің негізі болатын. Сол үшін исламдағы отбасы институтының қасиеттілігі мен мұсылман қоғамы өміріндегі

мүлікті мұрагерлік принциптері сияқты құқықтық өмірдің кейбір аспектілері іс жүзінде өзгеріске ұшыраған жоқ.

Үшіншісі, «Мәжаллә» авторлары заңды дайындаған кезде жоғарыда айтқанымыздай сияқты салт-дәстүрге де тиісінше көңіл бөледі [10]. Тіпті, ислам құқығындағы ханафи құқықтық мектебінің кең етек алып Еуразияның солтүстік ендіктерінде орныгуына мүмкіндік ала білуі – осы ханафизм мазһабының негізін қалаған ғалымдардың көрегендігі ықпал етті деген пікір бар. Олар жергілікті халықтың дәстүрлерін ескере отырып ислам құқығының екінші дәрежелі қайнар көздерінің қатарына қосты.

Мысалы, «Адамдар қолданатын (әдеттегі дәстүр) ұстануы уәжіп дәлел орнына жүреді» [6, 50 б.] Құқықтық қағида өзінен бұрынғы «дәстүрге» қатысты норманы қамтып отыр. Мысал, бір адам жұмысшыны белгісіз мерзімге жалдап алады. Бұл жағдайда оның жұмыс мерзімі әдетте сол мекемеде немесе аймақта, елде қалыптасқан дәстүрге сәйкес белгіленеді. Ислам құқығының зерттеушілері жаңа көдекстегі реформацияға қатысты: «Ислам құқығы тарихындағы алғашқы азаматтық кодекстің қабылдануы исламдық әділет жүйесін жетілдірудегі серпіліс болды», - деп мойындайды [7, 89 б.].

Қорытынды. Ол замандарда отбасы және мұрагерлікке қатысты істер жүйелік соттардың емес, шариғат соттарының құзыретіне кіретін. Шариғат соттары шейх әл-исламға, ал низамия (мемлекеттік сот жүйесінің жүйелік) соттар Әділет министрлігіне бағынды. Сол себепті Әділет министрлігі діни соттардың емес, өзіне қарасты низамия соттарының қажеттілігін бірінші кезекке қойып «мәжәлләні» тәмамдауды көздеді. Құқықтық нормалардың кодификациясы жасалып, мәжәлләнің негізі қалану кезінде қоғамда діни емес, низамия соттары қолданатын іс жүргізу заңы жоқ еді. Мемлекеттік жүйе осы жағдайдың орнын толықтыруға асықты. Мәжәлләның жетік және мемлекеттік жүйенің барлық саласын қамту талабы қойылды. Мәжәллә үшін жүргізілген кодификациялық жұмыс ханафи мәзһабының фиқһы негізінде жасалды. Сондықтан да кодекстегі нормаларда басымдылық басқа мазһабтарға қарағанда ханафи мазһабына берілді.

Бүгінде кейбір мұсылман елдерінің құқықтық жүйелерінде «Мәжәллә» қамтыған ислам құқығы қағидаларының орны конституциямен бекітілген. Бұл мемлекеттерде шариғат немесе оның бастапқы қағидалары заң шығарудың негізгі қайнар көзі ретінде мойындалатыны өз конституцияларында жариялаған. Мәжәлләдағы қағидалар жалпы ислам құқығының негізгі бастауышы ретінде танылып, бүгінгі күнде идеалды классикалық діни-моральдық құқық ретінде де қабылданып отыр.

«Мәжаллә» қазіргі ислам құқықтанушы зерттеушілері үшін де маңызын жоғалпады. Тіпті жуырда Мәжалләдағы қағидалар араб тілінен қазақшаға аударлып, «Ислам құқығының жалпы қағидалары» деген атаумен оқырманға ұсынылды [6]. Қазақ тіліндегі нұсқада негізгі қағидалардың реттілігі сақталды. Бұл кітап қазақ тіліндегі алғашқы аударма нұсқасы. Түпнұсқада 100 қағида, оның 1-ші қағидасы «фиқһқа» арналып, соған анықтама жасалған. Ал қазақ тіліндегі нұқсада фиқһқа анықтама берілмей, тек құқықтық қағидалар ұсынылды. Сөйтіп, қазақ тіліндегі шығармада қағидалардың жалпы саны – 99 құрады. Осылай кодификация жасалуы арқылы ислам құқығы тарихында реформа саналған «Мәжаллә» ерекшеліктері өзіне зерттеушілерді қызықтыруы әлі жалғасуда.

Пайдаланылған қайнар көздер тізімі:

1. Karaman H. Islam hukuk tarihi. İstanbul: İz yayıncılık, 2012. – 340 б.
2. Atar Fahreddin. Fikh usuli. IFAU, Istanbul, 1996. 276 s.
3. Минниахметов Р. А. Ханафитская школа в исламском праве // Право и государство: теория и практика. 2014. №2. – С. 74-80.
4. Karahasanoğlu C. Mecelle-i Ahkamı Adliyye'nin yürürlüğe girişi ve Türk hukuk tarihi bakımından önemi // Ankara ünisversitesi Osmanlı tarihi araştırma ve uygulama merkezi d ergisi. 2011. № 2. – С. 95.
5. www.kitap.kuran.kz.
6. Жалғас Садуахасұлы. Ислам құқығының жалпы қағидалары – Астана, 2023. – 96 б.
7. Мустафа Ахмад әз-Зарқа. Мадхаль әл-Фикh әл-амм. Дамаск: Дар әл-қалам. – 236 б.
8. Саффет Көсе. Ислам Хукуна гириш. Хикмет Яиынлары. Станбул. 2015. – 324 б.
9. www.mk-law.ru // Судебная система и разрешение споров в Англии.
10. Минниахметов Р.А. К вопросу об основных источниках мусульманского права и их систематизации // Евразийский гуманитарный форум. 2013. № 1. – С.20-27.

REFERENCES

1. Karaman H. Islam hukuk tarihi. İstanbul: İz yayıncılık, 2012. – 340 b.
2. Atar Fahreddin. Fikh usuli. IFAU, Istanbul, 1996. 276 s.
3. Minniahmetov R. A. Hanafitskaja shkola v islamskom prave // Pravo i gosudarstvo: teorija i praktika. 2014. №2. – S. 74-80.
4. Karahasanoğlu C. Mecelle-i Ahkamı Adliyye'nin yürürlüğe girişi ve Türk hukuk tarihi bakımından önemi // Ankara ünisversitesi Osmanlı tarihi araştırma ve uygulama merkezi dergisi. 2011. № 2. – S. 95.
5. www.kitap.kuran.kz.
6. Zhalғas Saduahasұly. Islam құқuғunuң zhalpy қaғidalary – Astana, 2023. – 96 b.
7. Mustafa Ahmad әz-Zarқa. Madhal' әl-Fikh әl-amm. Damask: Dar әl-қalam. – 236 b.
8. Saffet Kөse. Islam Hukuna girish. Hikmet Jaiynlary. Stanbul. 2015. – 324 b.
9. www.mk-law.ru // Sudebnaja sistema i razreshenie sporov v Anglii.
10. Minniahmetov R.A. K voprosu ob osnovnyh istochnikah musul'manskogo prava i ih sistematizacii // Evrazijskij gumanitarnyj forum. 2013. № 1. – S.20-27.